

Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 23/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 маусымда № 3237 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 16/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 18.03.2016 № 16/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2003 жылғы 8 ақпандағы "Тұқым шаруашылығы туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Н. Әбдібеков
-------------	--------------

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

" " _____ 2015 жыл

Қарағанды	облысы	әкімдігінің
-----------	--------	-------------

2015 жылы бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде

Дақыл	Аймақтар	
	Құрғақ далалы	Шөлейтті
	Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын 1 гектарға тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары, килограмм	
Бидай	7 , 7 4 9	6 , 1 4 1
Арпа	1 0 , 0 5 8	8 , 1 5 2
Сұлы	4 , 5 3 6	4 , 5 3 6
Мақсары	0 , 4 5 1	0 , 4 5 1
Зығыр	1 , 4 8 9	1 , 4 8 9
Күнбағыс (будан)	1 9 , 5 0 0	1 9 , 5 0 0
Күнбағыс сорт	0 , 4 4 4	0 , 4 4 4
Жүгері (будан)	3 2 , 5 0 0	3 2 , 5 0 0
Картоп	1 7 9 , 0 3 0	1 7 9 , 0 3 0
Бір жылдық шөптер	0 , 0 5 3 4	0 , 0 5 3 4
Дәнді көпжылдық шөптер	2 3 , 4 0 0	2 3 , 4 0 0
Бұшақты көпжылдық шөптар	2 2 , 1 0 0	2 2 , 1 0 0

Ескерту: Құрғақ далалы аймақ (Абай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров аудандары);

Шөлейтті аймақ (Ақтоғай, Жаңаарқа, Ұлытау, Шет аудандары);

